Жангелдин ауданы бойынша мектепке дейінгі ұйымдарда 2027 жылға ата-аналар төлемінің өсуі жөніндегі комиссия отырысының
№ 2 ХАТТАМАСЫ

Жангелдин ауданы 2026 жылғы 9 қараша

Комиссия төрағасы:
Раисова Алуа Турсынгалиевна, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданының білім бөлімі» ММ-нің сектор меңгерушісі.

Комиссия хатшысы:
Болат Бекзат Болатқызы, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданының білім бөлімі» ММ әдіскері.

Комиссия мүшелері:
Құлжанов Жасқыран Сақтағанұлы, «Жангелдин аудандық мәслихатының аппараты» ММ ұйымдастыру бөлімінің басшысы (келісім бойынша);
Сейтханова Мунсызбике Каримхановна, «Жангелдин ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» ММ бас маманы (келісім бойынша);
Темирова Жанат Карбозоана, «Жангелдин ауданының білім беру қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ төрағасы (келісім бойынша);
Ысмағұл Гүлім Мылтықбайқызы, «Әділет» партиясының Жангелдин аудандық филиалының төрағасы (келісім бойынша);
Серикбаева Әсем Қыстаубаевна, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданының білім бөлімі» ММ әдістемелік кабинет меңгерушісі;
Хамза Әсет Бектеміруұлы, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданының білім бөлімі» ММ бас есепшісінің міндетін атқарушы.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

«2027 жылға Жангелдин ауданының мектепке дейінгі ұйымдарында ата-аналар төлемінің өсуі жөнінде».
Баяндамашы: Б.Б. Болат, білім бөлімінің әдіскері.

ТЫҢДАЛДЫ:

Жангелдин ауданы білім бөлімінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша әдіскері Б.Б. Болат 2027 жылға арналған мектепке дейінгі ұйымдардағы ата-аналар төлемақысының мөлшерін белгілеу мәселесі бойынша хабарлама жасады.

Баяндама барысында Жангелдин ауданындағы мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды тамақтандыруға арналған азық-түлік бағалары, жеткізушілердің баға

ұсыныстары және ата-аналар төлемақысының қолданыстағы мөлшері туралы ақпарат берілді.

Хамза Әсет Бектеміұлы, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданының білім бөлімі» ММ бас есепшісінің міндетін атқарушы, Қостанай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 587 қаулысына сәйкес 2026 жылы мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналар төлемақысының ай сайынғы мөлшері 1–3 жастағы балалар үшін 13 640 теңгені, 3–6 жастағы балалар үшін 16 500 теңгені құрайтынын хабарлады.

Мектепке дейінгі ұйымдарды азық-түлікпен қамтамасыз етушілердің баға ұсыныстары негізінде есептеулер жүргізіліп, нәтижесінде ата-аналар төлемақысының ай сайынғы мөлшерін 1–3 жастағы балалар үшін 15 840 теңге, 3–6 жастағы балалар үшін 18 700 теңге көлемінде белгілеу ұсынылды.

Осыған байланысты 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап ата-аналар төлемақысының ай сайынғы мөлшерін төмендегідей белгілеу ұсынылды:

Жоғарыда баяндалған мәселелерді талқылай келе, комиссия мүшелері ашық дауыс беру арқылы ШЕШТІ:

1. 2027 жылы Жангелдин ауданының мектепке дейінгі ұйымдарында ата-аналар төлемақысының ай сайынғы мөлшері төмендегідей бекітілсін:

• 1–3 жастағы балалар үшін – 15 840 (он бес мың сегіз жүз қырық) теңге;

• 3–6 жастағы балалар үшін – 18 700 (он сегіз мың жеті жүз) теңге.

2. Мектепке дейінгі ұйымдардың меңгерушілері ата-аналармен жасалатын келісімдерді бекітілген төлемақы мөлшеріне сәйкес рәсімдесін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау білім бөлімінің жауапты мамандарына жүктелсін.

Комиссия төрағасы: _____ Раисова А.Т.

Комиссия хатшысы: _____ Болат Б.Б.

Комиссия мүшелері:

_____ Құлжанов Ж.С.

_____ Сейтханова М.К.

_____ Темирова Ж.К.

_____ Ысмағұл Г.М.

_____ Серикбаева Ә.Қ.

_____ Хамза Ә.Б.

Жангелдин ауданы бойынша мектепке дейінгі ұйымдарда
2027 жылға ата-аналар төлемінің өсуі
белгілеу туралы комиссия отырысының
хаттамасына 1-қосымша

№	Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйым атауы	Меңгерушінің аты-жөні	Мекен-жайы	Қолы
1	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының Жангелдин ауданы әкімдігі білім бөлімінің «Балдырған» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Ибраева Мөлдір Талапovna	Торғай ауылы, Жангелді көшесі, 61	
2	Жеке кәсіпкер: А.А. Надим «Жылы Ұя» бөбекжай балабақшасы	Батырова Мөлдір Қошкинаевна	Торғай ауылы, Қайыңкей көшесі, 9 үй	